

## **«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің қорытындысы бойынша ақпарат**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы 2015 жылғы 6 сәуірдегі № ... шартты орындау мақсатында, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слетін** (бұдан әрі - Слет) 2015 жылғы 9-11 сәуірде Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында өткізді.

Слет мектеп оқушыларының отансүйгіштік және азаматтық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетанушылық қызметін дамыту арқылы салуатты өмір салтын насихаттау, балалардың тұрақты қызығушылықтарын және оларды ерте кәсіби бағдарлау, рухани құндылықтарды қалыптастыру, өскелең ұрпақты адамгершілік және мәдени тұрғыда дамыту мақсатында өткізілді.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слетінде республиканың 16 командасы қатысты. Жалпы қатысушылар саны – 128 адамүшесі бар әділ қазылар алқасы жұмыс атқарды. Қазылар алқасы Батыс Қазақстан облысының М. Өтемісов атындағы университетінің ғылым кандидаттарынан, Батыс Қазақстан облысы тарихи өлкетану мұражайы және Батыс Қазақстан облысы А.Н. Островский атындағы драма театрының қызметкерлерінен жасақталды.

Қазылар алқасы құрамы Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалалары командаларының жоғары деңгейде дайындалғанын атап өтті.

Слеттің жабылуы және жеңімпаздарды марапаттау салтанатында командалар дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### **«Жас өлкетанушы» номинациясы:**

- 1 орын** - Польша Наталья, Батыс Қазақстан облысы;
- 2 орын** - Сәбитова Алинұр және Асым Шахзад, Алматы қаласы;
- 3 орын** - Ахметова Камила және Итжанов Дәурен, Астана қаласы.

### **«Орал өңірі - туристік өлке» номинациясы:**

- 1 орын** – Батыс Қазақстан облысының командасы;
- 2 орын** – Астана қаласының командасы;
- 3 орын** - Солтүстік Қазақстан облысының командасы.

### **«Қазақстан халқы достығының фестивалі» номинациясы:**

- 1 орын** – Алматы қаласының командасы;
- 2 орын** – Орал қаласының командасы;
- 3 орын** - Батыс Қазақстан облысының командасы.

**Жартасқа өрмелеудің «жылдамдық» және «қиындық» жарысы**

**Қыздар арасында қиындыққа өрмелеу:**

- 1 орын** – Ибраимбаева Айдана, Алматы қаласы;
- 2 орын** – Рязанова Алёна, Павлодар обласы;
- 3 орын** - Маулекешова Данагүл, Батыс Қазақстан облысы.

**Ұлдар арасында қиындыққа өрмелеу:**

- 1 орын** – Сибрагимов Сухраб, Жамбыл облысы;
- 2 орын** – Лұқпанов Аманбек, Батыс Қазақстан облысы;
- 3 место** - Мұқанов Тимур, Ақмола облысы.

**Қыздар арасында жылдамдыққа өрмелеу:**

- 1 орын** – – Ибраимбаева Айдана, Алматы қаласы;
- 2 орын** – Рязанова Алёна, Павлодар облысы;
- 3 орын** - Келдібаева Айгерім, Ақтөбе облысы.

**Ұлдар арасында жылдамдыққа өрмелеу:**

- 1 орын** – Мұқанов Тимур, Ақмола облысы;
- 2 орын** – Эстарле Эдуард, Павлодар облысы;
- 3 орын** - Сибрагимов Сухраб, Жамбыл облысы.

**«Омпы» және «Қалашықтар» халық ойындары номинациясы.**

**«Омпы» ойыны:**

- 1 орын** – Батыс Қазақстан облысының командасы;
- 2 орын** – Жамбыл облысының командасы;
- 3 место** – Оңтүстік Қазақстан облысының командасы.

**«Қалашықтар» ойыны:**

- 1 орын** – Павлодар облысының командасы;
- 2 орын** – Ақтөбе облысының командасы;
- 3 орын** – Солтүстік Қазақстан облысының командасы.

**Жалпы командалық есеп бойынша:**

- 1 орын** – Батыс Қазақстан облысының командасы;
- 2 орын** – Павлодар облысының командасы;
- 3 орын** - Алматы қаласының командасы.

**Ынталандыру сыйлықтармен** Шығыс Қазақстан облысы, Манғыстау облысы, Атырау облысы, Алматы облысы, Қостнай облысының командалары марапатталды.

Слетке қатысқан барлық қатысушыларға сертификаттар және жеңімпаздарды дайындаған педагогтерге алғыс хаттар берілді.

Слет аясында Туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары жетекшілерінің Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы 2015 жылғы 10 сәуірде Орал қаласы Салтанат сарайының мәжіліс залында өткізілді.

Отырыс жұмысына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Тарасенко Елена Ивановна, Өтемісов Шавхат Анесұлы, Білім және ғылым вице-министрі Иманғалиев Есенғазы Нұртөлеуұлы, ҚР ұлттық олимпиада

комитетінің вице-президенті Никитинский Евгений Сергеевич, Мәдениет және спорт, Инвестиция және даму министрліктерінің, облыстар, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, халықаралық мекемелердің өкілдері, жас туристер орталықтары мен станциялардың басшылары қатысты.

Отырыс барысында ведомствоаралық өзара әрекетті күшейту арқылы туристік-өлкетану бағыттағы қосымша білім берудің жаңа тәсілдерін анықтау және ұйымдастыру түрлерін дамыту мәселелеріне басты мән берілді.

Сонымен қатар, Слетке Қызылорда және Қарағанды облыстарының өкілдері қатыспағанын атап өткен жөн.